

Рима Ергалиевна Абдуалиеваның 8D01501- «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ПІКІР

Докторант Абдуалиева Рима Ергалиевнаның 8D01501- «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі» атты диссертациялық зерттеуі заманауи сұранысты қанағаттандыратын жұмыстың бірі.

Себебі, қазіргі кездің талабы және ақпараттық құзыреттіліктің үздіксіздігіне сай ақпараттық құзыреттілікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналған. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырып, дамытудың әртүрлі жолдарын іздеу және зерттеу барысында төмендегідей қарма-қайшылықтар негізделінген. Олар:

- мұғалімнің тұлғалық құрылымы мен кәсіби іс-әрекетіндегі ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасу қажеттілігінің артуы мен оның педагогика ғылымында теориялық және технологиялық дамуының жеткіліксіздігі;
- математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға деген қоғамдық сұраныс пен бұл мәселенің практикада жүзеге асырылмауы;
- көптеген ақпараттың арасында (оқу-әдістемелік материалдың, дәстүрлі баспа және электрондық форматтың) мұғалімнің ақпаратпен жұмыс істеуі және оны кәсіби қызметте тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыратын әдістемелік болмауы сияқты.

Осы қарма-қайшылықтарды шешу үшін Р.Е.Абдуалиева зерттеу жұмысын математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын іздеуге бағыттаған. Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырып, дамыту жолдарының бірі Кейс-технологиясын қолдану деп санап, оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеген.

Атап айтқанда, диссертациялық зерттеудің кіріспесінде жұмыстың ғылыми аппараты толық ашылған яғни, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық - әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық пен практикалық маңыздылығы және қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу жұмысы нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі қарастырылған.

«Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде алдымен ақпараттық құзыреттілік ұғымының мазмұндық ерекшеліктері айқындалған. «Ақпарат» және «құзыреттілік» ұғымдарының әрқайсысының орнын сипаттай келе, олардың ішкі байланысынан ақпараттық құзыреттілік ұғымын

туындатқан. Ақпараттық құзыреттіліктің ерекшелігі төмендегідей сипатталған:

-ақпараттық құзыреттілік қазіргі өмірдің әртүрлі аспектілерінде, соның ішінде білім беруде, жұмысқа орналасуда маңызды;

-ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан адамдар сенімді және ақпаратты өз бетінше өңдеуге және жеткізу дағдыларына ие;

-ақпараттық құзыреттілік цифрлық азаматтықты, этикалық мінез-құлықты, жауапты цифрлық қатысуды және медиа сауаттылықты дамытады.

Білім беру саласында қолданылып жүрген технологиялардың бір қатарын біріктіріп қарастыратын технологияның түрі - Кейс-технологиясы және ол білім беру саласында қолданылатын ақпараттық технологиялардың құрамдас бөлігі болып келетіндігі тұжырымдалған.

Сонымен қатар бұл бөлімде Кейс-технологияны оқыту процесінде қолданудың психологиялық-педагогикалық аспектілері мен педагогикалық шарттары айқындалған. Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырып, дамыту жолдарының бірі Кейс –технологияны оқыту процесінде қолдануды теориялық тұрғыдан негіздеген

Кейс-технология математика пәні мұғалімдерінің математика саласындағы нақты жағдайларға ақпарат құралдарын іс жүзінде қолдану арқылы өздерінің де, білімгерлердің де ақпараттық құзыреттілігін дамытудың қуатты құралы болады деп қорытындылаған.

«Математиканы оқыту процесінде Кейс-технологиясын қолдану әдістемесі» атты екінші бөлімінде біріншіден, математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолдануға қойылатын талаптарды анықтап, оларға жете тоқталған.

Кейс-технология білімгерлер оқу материалын терең түсінуге және сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін нақты проблемалық жағдайларды талдауға және шешуге белсенді қатысу сияқты дағдыларды қалыптастыратындығын көрсеткен. Кейс-технологиясын қолдануға Кейс-тапсырмаларының қажеттігі, оны құру ережелері және бағалау критерийлері айқындалып тұжырымдалған.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруда Кейс-технологияны қолданудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып ұсынылған. Сонымен бірге, Кейс-технологияны оқыту процесіне қолдану әдістемесі мен Кейс құрылған электрондық құралды білімгерлер, мектеп мұғалімдері әдістемелік нұсқау ретінде пайдалануға болатындығы айтылған.

Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен алынған нәтижелер яғни, математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолдану әдістемесі экспериментальды тексеріліп, дұрыстығы математикалық статистика негізінде дәлелденген.

. Эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу үшін χ^2 -Пирсон критерийі пайдаланылған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай төмендегідей нәтижелер алынған:

1. Ақпараттық құзыреттіліктің мазмұндық ерекшеліктері негізделінген;

2. Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологияны қолданудың педагогикалық шарттары айқындалған;

3. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруда Кейс-технологияны қолданудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылған;

4. Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолдану әдістемесі дайындалған.

Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны бойынша 11 ғылыми еңбек жарық көрген.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ішкі мазмұнының тақырыппен сәйкестігі, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, алынған тұжырымдар мен қорытындылардың құндылығы ізденушінің жеке дара дайындалып, толық аяқтаған ғылыми еңбегі екендігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай толық сәйкес орындалғанын дәлелдейді.

Рима Ергалиевна Абдуалиеваның «Математика мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда Кейс-технологиясын қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, өзбетінше орындалған ғылыми зерттеу жұмысы деп бағалаймын. Арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға болады деген қорытынды жасаймын және ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші

п.ғ.д., профессор

І.Жансүгіров атындағы

Жетісу университеті



С.М.Сеитова

